

7 Guy M.R., Michael H., Robert J.M. Using games in geographical and planning-related teaching: Serious games, edutainment, board games and role-play. *Social Sciences & Humanities Open, Vol.4, Issue 1, 2021, pp.1-10* <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2021.100208>

8. *Russian-Kazakh Explanatory Dictionary: Pedagogy / O 74 General editor, Professor E. Aryn - Pavlodar: "ECO" GEF. 2006. - 482 p. ISBN 9965-808-85-6*

9. Karakozov S.D. *Information culture in the context of general theory of personality culture // Pedagogical informatics. -2000. - No. 2.*

10. Volkov I.P. *Pedagogical technologies. - M.: Prosveshchenie, 2007. - 120 p.*

**ӘОЖ: 913.8**

**ҒТАМР 39.21.02**

<https://doi.org/10.51889/1728-8975.2023.76.2.003>

*Е.Ерболат, Г.Е. Бердыгулова*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ГЕОСАЯСИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада география пәні бойынша орта білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындарында қазіргі дүние жүзінің геосаяси жағдайлары мен ерекшеліктерін оқытуда, ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқыту жолы ұсынылады. Орта білім беру мекемелері мен жоғарғы оқу орындарында геосаяси бағытын оқыту жолын жаңаша ақпарат көздерімен қарастыру, оқытушыларға оқулық бойынша оқыту жұмысын жеңілдету мен қатар геосаяси бағытын толық қамтып жеңіл түрде түсіндіріп оқыту аясы қарастырылады. Сонымен қатар география пәнін жаңа ақпараттық технологиялар арқылы оқытып, оқу сапасын арттыру жолы көрсетілген. Геосаяси бағытын оқытудағы басты проблеманы ескере отырып, қолданылып келе жатқан ақпараттық құралдар мен түрлі бағдарламаларды жаңашаландыру негізделіп отыр. Геосаяси бағытын оқыту география пәнінде тек оқулық ақпаратымен қамтамасыз етілген, ал бұл оқу сапасының нәтижелі болуына кері ықпал тигізуде, бұған себеп орта білім беру мекемелері мен жоғарғы оқыту орындарында оқулық ақпаратына сүйеніп оқытып түсіндіру жолы көрсетілген, ал бұл жеткіліксіз себебі әр елдің саяси жағдайлары әр уақытта өзгеріске ұшырап отыруы мүмкін, бұл жағдайлар оқыту барысында теориялық ақпаратпен толық қамтылмауына әкеледі. Осындай проблемалық жағдайлардың туындамауы үшін, біз жаңа ақпараттық технологиялардың көмегіне сүйеніміз қажет екені негізделінді. Оқыту сапасын арттыруда бірыңғай ақпараттық кеңістікті құрудың негізгі міндеттері: адамның шығармашылық және танымдық іс-әрекеті жаңа мүмкіндіктерді қамтамасыз етумен байланысты екені қарастырылған.

Жаңартылған ақпараттық технологияларды қолдану арқылы Білім алушы түрлі дереккөздерден алған ақпараттармен өз бетінше жұмыс істеуге, қажетті мәліметтерді іздеуге, талдауға және іріктеуге, өз ойын анық жеткізуге, шығармашылық қабілетін арттыруға, өз жұмысын ұйымдастыруға, түрлендіруге, сақтауға және табыстауға дайын бола алады және өз білімін жоғары деңгейге жетілдіруіне көмектесетіні айқындалып отыр. Оқытушылардың қазіргі уақытта оқу сапасын арттыру жолында қажетті ақпараттық технологияларды білуі қажет екені көрсетілген. Мақала жұмысының мақсатыда география ғылымында геосаяси бағытты ақпараттық технологияларға сүйене отырып геосаяси жағдайлар мен ерекшеліктерді оқытуға негізделінді және мақалада жұмыстың өзектілігі айқындалды: География ғылымында геосаяси бағытты

оқытуда теориялық ақпаратқа ғана сүйене отырып геосаяси жағдайлар мен ерекшеліктерді тсүіндіру қолайсыз, осы қолайсыздықтардың орнын толықтыру үшін ақпараттық технологиялар арқылы оқыту маңызды екені көрсетіліп отыр.

**Түйін сөздер:** Геосаясат, Ақпараттық технологиялар, болашақтағы дамудың тенденциясы, Scribble Maps веб - қосымшасы.

*Ерболат Е., Бердыгулова Г.Е.*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан.*

## **ПРЕПОДАВАНИЕ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

### *Аннотация*

В данной статье предлагается способ обучения географии в средних учебных заведениях и вузах с использованием информационных технологий в изучении геополитических условий и особенностей современного мира. В средних учебных заведениях и высших учебных заведениях рассматриваются новые источники информации о пути преподавания геополитической направленности, упрощение работы по обучению преподавателей по учебнику и упрощенное объяснение геополитической направленности с полным охватом. Также показано, как повысить качество обучения и преподавать географию с помощью новых информационных технологий. С учетом главной проблемы в обучении геополитическому направлению, обоснована новизна применяемых информационных инструментов и различных программ. Преподавание геополитической направленности в географии обеспечено только информацией учебника, что отрицательно сказывается на результативности качества обучения, причиной этого является то, что в средних учебных заведениях и высших учебных заведениях ведется обучение на основе информации учебника, а этого недостаточно, так как саяси каждой страны в разное время могут меняться, что обусловлено теоретической информацией в ходе обучения приводит к неполному охвату. Было обосновано, что для того, чтобы таких проблемных ситуаций не возникало, мы должны опираться на помощь новых информационных технологий. Основными задачами создания единого информационного пространства в повышении качества обучения являются: творческая и познавательная деятельность человека связана с обеспечением новых возможностей.

Благодаря использованию обновленных информационных технологий обучающийся может самостоятельно работать с информацией, полученной из различных источников, искать, анализировать и отбирать необходимые данные, четко выражать свои мысли, повышать творческие способности, организовывать, преобразовывать, сохранять и передавать свою работу и помогать совершенствовать свои знания на более высоком уровне. Видно, что преподавателям в настоящее время необходимо знание информационных технологий, необходимых для повышения качества обучения. Цель работы статьи была основана на обучении геополитическим условиям и особенностям в географической науке с опорой на геополитические информационные технологии и в статье определена актуальность работы: в географической науке в преподавании геополитического направления недопустимо применять геополитические условия и особенности, опираясь только на теоретическую информацию, для восполнения этих неудобств важно обучение посредством информационных технологий.

**Ключевые слова:** геополитика, информационные технологии, направление будущего развития, веб-приложение Scribble Maps.

*Erbolat E., Berdygulova G.E.  
Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan.*

## TEACHING GEOPOLITICAL FEATURES USING INFORMATION TECHNOLOGIES

### *Abstract*

This article proposes a method for teaching geography in secondary schools and universities using information technology in the study of geopolitical conditions and features of the modern world. In secondary schools and higher education institutions, new sources of information on the way of teaching the geopolitical focus, simplification of the work of teaching teachers from the textbook, and a simplified explanation of the geopolitical focus with full coverage are considered. It is also shown how to improve the quality of education and teach geography with the help of new information technologies. Taking into account the main problem in teaching the geopolitical direction, the novelty of the applied information tools and various programs is substantiated. The teaching of geopolitical orientation in geography is provided only with textbook information, which negatively affects the effectiveness of the quality of education, the reason for this is that in secondary educational institutions and higher educational institutions, training is conducted on the basis of textbook information, and this is not enough, since each country is placed in a different times may change, which is due to theoretical information during training leads to incomplete coverage. It was justified that in order to avoid such problematic situations, we must rely on the help of new information technologies. The main tasks of creating a single information space in improving the quality of education are: the creative and cognitive activity of a person is associated with the provision of new opportunities.

Thanks to the use of updated information technologies, the student can independently work with information received from various sources, search, analyze and select the necessary data, clearly express his thoughts, increase creativity, organize, transform, save and transfer his work and help improve his knowledge to more high level. It can be seen that teachers currently need knowledge of information technologies necessary to improve the quality of education. The purpose of the article was based on teaching geopolitical conditions and features in geographic science based on geopolitical information technologies, and the article defines the relevance of the work: in geographic science, in teaching the geopolitical direction, it is unacceptable to apply geopolitical conditions and features, relying only on theoretical information, to fill these inconvenience, learning through information technology is important.

**Keywords:** Geopolitics, Information technologies, future development trend, Scribble Maps web application.

**Кіріспе.** Қазіргі заманғы саяси мәселелердің бірі бұл – геосаясат. Геосаясатты жалпылама талдаудың өзіндік ерекшелігінің бірі, нақты саясаттың кеңістігі мен географиялық факторларын қарастыруы, сонымен бірге макросаяси үрдістерді зерттеуімен қатар, тұрақты және ұзақ мерзімге сипатталған құбылыстарды нақтылай ашатын түсініктер мен санаттарды кеңінен пайдаланумен байланысты. Осындай ғылыми әдістердің геосаяси мәселелерді зерттеуде маңызды зор. Қазіргі уақытта Қазақстанның геосаясаты бойынша және геосаяси факторлары мен геосаяси жағдайы туралы көп айтылуда. Бірақ осы тақырып бойынша сөз қозғайтындардың барлығы бірдей геосаясат дегеннің не екенін, оның архитектурасының негізі не екенін біле бермейді. Осыған байланысты геосаясат пен қазіргі әлемнің геосаяси архитектурасы өзекті мәселелердің бірі болып отырғанын көрсетуіміз қажет. Себебі қазіргі әлемнің шынайы бейнесін толық және қарама-қайшылықсыз анық көру мүмкін емес [1].

Геосаясат – мемлекет пен қоғамды - жалпы бақылау туралы әлеуметтік ғылым. Бұл термин ең алдымен географиялық факторлардың саясатқа әсерін сипаттау үшін қолданылды. Жалпы жердің көп өлшемді коммуникациялық кеңістігіндегі әртүрлі мемлекеттер мен мемлекетаралық бірлестіктердің ықпал ету сфераларының билік орталықтарының таралу және қайта бөлу

зандылықтары туралы пәнаралық ғылым. Сонымен қатар жер географиясының адам және физикалық саясат пен халықаралық қатынастарға әсерін зерттейтін ғылым [2].

Негізінен геосаясат жалпы саяси географияның құрамдас бөлігі болып табылады. Жалпы айтар болсақ саяси география бұл әртүрлі салалардан алынған білім жиынтығы. Сонымен қатар географиялық мүдделердің алғышарттары бойынша мемлекеттер мен олардың халықаралық аренадағы саяси одақтар арасындағы қатынастарын зерттеу әдістерінің жиынтығы [3].

Геосаяси жағдайлар мен үдерістерді, ерекшеліктерді түсіндіріп оқытуда жалпы оқу сапасы география пәнінде – айтарлықтай түсінікті өтілуде деп айта алмаймын. Себебі геосаяси жағдайлар әр уақытта өзгеріп отыруы мүмкін. Геосаяси үдерістер мен ерекшеліктерін оқытуда оқушылар мен студенттерге оқулық арқылы толық түсіндіре алмауымыз мүмкін. Геосаяси үдерістер мен ерекшеліктерді толық оқытып, түсіндіріп көз жеткізу үшін заманауи ақпараттық технологиялармен толықтыруға болады. Себебі қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың білімге айналуы, білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылықтарын жалпылама дамытып қалыптастыруды көздейді. Осындай мәселені шешудің оңтайлы жолы – геосаяси үдерістер мен ерекшеліктерін ақпараттық технологияларды қолданып оқытудың жүйесін құру әдістемесі әзірленеді.

*Геосаяси жағдайларды оқытудағы проблемалар.* Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда жеке тұлғаның өзіндік санасы мен ғылыми ойлауының әдістемесі, зерттеу мәдениетінің негізі мен кәсіптік мақсатты қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Бүгінгі ұстаздардың міндеті – оқушыларға орасан зор білім беру емес, оқушылардың өз бетінше білім алуына жағдай жасау. Осыған байланысты өзекті де маңызды мәселе – география пәнін оқыту сапасын арттыру, оқыту әдістемесін ғылыми зерттеу нысаны ретінде қабылдау және зерттеулер мен тікелей тәжірибені бекіту.

География да геосаяси жағдайларды оқыту бұл күрделі мәселелерді шешуге, әртүрлі территорияның геосаяси ерекшеліктерін зерттеп оқып, әр елдің саяси жағдайларын біліуге бағытталған. Геосаяси жағдайларды толық қамтып оқыту үшін ұстаздардан кәсіби шеберлікті талап етеді. Географиялық білім беруде геосаяси бағытты оқытуда тек – оқулықтағы теорияны ғана қамтамасыз етіп отыр. Бұл проблемалар оқыту процесінің нәтижелі болуы үшін қойылған мақсаттың нақтылықсыз болуын көрсетіп отыр.

Геосаяси жағдайлар мен ерекшеліктерін оқытуда тек теориялық ақпарат арқылы орта білім беру мекемелері мен жоғары оқыту орындарында оқытып түсіндіру жеткіліксіз себебі әр елдің саяси жағдайлары әр уақытта өзгеріске ұшырап отырады. Бұл жағдайлар оқыту барысында теориялық ақпаратпен толық қамтылмауына әкелуі мүмкін. Осындай проблемалық жағдайлардың туындамауы үшін. Біз ақпараттық технологиялардың көмегіне сүйенсек болады. Ұсынылып отырған мақаланың көкейкестілігі де осында.

**Материалдар мен әдістер.** *Геосаяси бағытты оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану жолы.* Білім алушының түрлі дереккөздерден алған ақпараттармен өз бетінше жұмыс істеуге, қажетті мәліметтерді іздеуге, талдауға және іріктеуге, оны ұйымдастыруға, түрлендіруге, сақтауға және табыстауға дайын болуы үшін ақпараттық құзыреттілікті жақсы білуі қажет. Ақпараттық құзыреттілікті практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдану үшін ақпараттық технологияны жақсы меңеру қажет.

Ақпараттық технология дегеніміз – Ақпараттық технологиялар (ағылшын тілінен information technology, IT) – деректерді құру, сақтау, басқару және өңдеу. Ақпараттық технология көбінесе компьютерлік технология ұғымында түсіндіріледі. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар қарапайым адамдардың күнделікті өмірін жеңілдету ғана емес, ғылым-білім жолында кеңінен пайдаланылуда. Көптеген жаңа технологияларды пайдалану барысында кез-келген пән аясында мынадай әдіс-тәсілдер қолданылуда:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);
- көрнекі материалдар, түрлі онлайн бағдарламалар

Қазіргі әлемде мектеп оқушыларын кез келген оқу пәніне қызықтыру өте қиын. Мысалы, көптеген балалар географияны «қызықты» контурлық карталарды толтыратын, географиялық объектілерді үйренетін және мемлекеттердің астаналарын ғана қарайтын сабақ ретінде қабылдайды. Мен заманауи мұғалім ретінде балалардың қызығушылығын оятуға - мысалы, әртүрлі интернет ресурстары арқылы оятуға тырысамын [4].

Бүгінгі таңда сапалы әрі нәтижелі білімнің болуы үшін – оқытуда түрлі инновациялық технологияларды пайдалану. Соның бірі – ақпараттық технологиялар. Ақпараттық технологияны оқу үрдісінде қолдану, оқу сапасын арттырудың негізгі көзі болып табылмақ.

География өте қызықты және күрделі. Күрделі құбылыстар мен географиялық заңдылықтарды түсіну арқылы оқушыларға сапалы білім беру саласына қызығушылық танытқан мұғалімдерге инновациялық технологияларды тиімді пайдалануды білу пайдалы болады. Қазіргі уақытта инновациялық технологияны білетін география пәнінің мұғалімдері өз сабағында инновациялық және интерактивті технологияларды пайдаланып, сабақтың сапалы әрі тартымды өтуіне өз үлестерін қосуда. [5]

Соның ішінде ақпараттық технологияны қолдану тұлғаның жан-жақты дамып ашылуына септігін тигізеді және шығармашылық қабілетін арттырып, жоғары интеллектуалды жастар тәрбиелеуге үлес қосады [6].

*География пәнін оқыту аясында қазіргі таңға дейін мынадай ақпараттық технологиялар жүзеге асуда:*

- Google maps
- Планета земля онлайн/ қосымша
- ARCGIS ONLINE

Бұл қосымшалар немесе онлайн платформалар арқылы сабақ барысын қызықты, түсінікті, әрі жеңіл өткізуге болады.

Қазіргі таңда ақпараттық технологияны қолданбауға болмайды. Мектептегі барлық сабақтар мен іс-шараларда жаңа технологияларды қолдану арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болады. Сабақта ақпараттық технологияларды қолданса, оқушылардың ойлау қабілеті, сөйлеу қабілеті, шығармашылық қабілеті артады. Оқушылардың ақпараттық қабілеті мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру бұл үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің біріне айналуға.

*Ақпараттық технологияларды оқытуда қолдану ерекшелігі.* Геосаяси жағдайларды оқыту барысында тек оқулық ақпаратына сүйеніп қана қоймай, ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқыту өте тиімді болып саналады.

Қазіргі оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технология міндетті түрде қолданылуы керек. Осыған байланысты оқыту әдіс-тәсілдері жаңартылуда. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану – заман талабы, оған сақтықпен қарау керек. Оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану белгілі бір дәрежеде табысқа апарар жол ретінде қарастыра аламыз. Дегенмен де Ақпараттық-коммуникациялық технология білім берудегі маңызды құрал болып табылады. Оның негізгі мақсаты – студенттерге Ақпараттық-коммуникациялық технологияның дағдыларын толықтай меңгеру, мұғалімдерге де, оқушыларға да пайдалы. Тек осылай ғана оқыту барысында теория мен практиканы біріктіруге болады.

*Ақпараттық-коммуникативтік технологияны сабақ беру барысында пайдалануда мынадай ерекшеліктері бар:*

1. Әр түрлі амалдарды оқушы өз бетінше орындайды және компьютермен жұмыс істеуге үйренеді.
2. Сыныптағы оқушылардың барлығынан жауап алуға болады және алған білімдерін практикамен ұштастырады.
3. Білімі төмен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

4. Сабақтарды тыңдау арқылы ғана емес, бейне арқылы да есте сақтауы.

5. Пәндік оқуды толық қамтып оқуына негіз жасайды [7].

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерісінің басым бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру – білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу болып табылады. Бұл бізге көптеген мүмкіндік береді.

**Нәтижелер және талқылау.** Орта білім беру мекемелері мен жоғарғы оқу орындарында география ғылымындағы геосаяси бағытын оқыту сапасын арттыру үшін ақпараттық технологиялар ішінен оңтайлы жұмыс жасауға арналған және оқыту барысында түсінікті қолайлы ақпараттық бағдарламаны қарастырдық.

*Scribble maps технологиясы арқылы геосаяси жағдайларды оқытудағы рөлі.* Географияда геосаяси жағдайларды оқытуда мынадай ақпараттық технологияны қолдануды ұсынамын. Scribble maps технологиясы геосаяси жағдайларды оқытуда өте жеңіл қарапайым технология.


Scribble Maps веб - қосымшасы өзінің қарапайымдылығы мен функционалдығы арқасында карта жасау саласындағы жаңадан бастағандар үшін де, сарапшылар үшін де өте қолайлы.



Сурет 1. Scribble maps қосымшасы

Scribble maps карталары – өзіңіздің бірегей картаңызды жасауға мүмкіндік беретін құрал. Мысалы, осы қызметті пайдалана отырып, сіз картаға мәтіндік хабарламалар мен белгішелерді орналастыра аласыз, қашықтық пен ауданды есептей аласыз, белгілі елді мекенге бейне роликтер қою арқылы шолу жасай аласыз. Бұл оны география пәнінде геосаяси жағдайлар мен ерекшеліктерді оқыту процесінде интерактивті көмекші құрал бола алады.

Scribble Maps онлайн қызметі көптеген бәсекелестерден ерекшеленеді, бұл қызмет картография саласындағы жаңадан бастағандар үшін де, сарапшылар үшін де өте қолайлы. Оның қарапайымдылығы мен функционалдығы Scribble карталары білімімен ғылымда ең танымал карта жасау қолданбаларының біріне айналып отыр.



Сурет 2. Scribble maps қосымшасының қолданылу жолы

Scribble Maps қызметі пайдалану барысында маркерлерді, сызықтарды, қарапайым фигураларды, фотосуреттерді және тіпті бейнелерді салу мүмкіндігімен өз карталарын жасауға мүмкіндік береді.

Scribble Maps бұл жұмыстардың барлығын мүмкін етеді және сізге алдымен мақсатыңызға сәйкес келетін картаны таңдауға мүмкіндік береді және екіншіден сіз тіпті бейне және аудио файлдарды қоса аласыз. Карталарды кескіндер, PDF файлдары немесе қолданыстағы файлдар ретінде сақтауға және электрондық пошта, блогтар, тікелей сілтеме арқылы ортақ пайдалануға немесе желідегі орындарға ендіріп қоюға болады [8].

Scribble карталары қызметін пайдалана отырып, оқушылар мен студенттер келесі мүмкіндіктерге ие болады:

- Объектілерге сипаттамалар немесе қызықты фактілер қоса алады;
- Әртүрлі есептеулер жүргізу (объектілер арасындағы қашықтық, объектілердің ауданы);
- Қалалық маршруттарды оңтайландыру, сондай-ақ белгілі бір нысанның (сауда орталығы, дүкен, кинотеатр және т.б.) жүктемесінің картасын жасай алады.

Scribble Maps қосымшасын сабақта қолданудың 14 тәсілі:


1. Сыныпта оқылатын әңгіменің орналасу орындарын табыңыз.
2. Тарихи оқиғаның айналасындағы географиялық аймақты зерттеңіз.
3. Геосаяси жағдайларды зерттеңіз.
4. Елдегі, континенттегі немесе дүние жүзіндегі жер бедерінің пішіндерін табу және сипаттау.
5. Тізімді картаға түсіру – бұл қосымша мүмкіндігі тарихи орындарды, әдеби көріністерді, студенттер үйінің мекенжайларын және т.б. жылдам картаға түсіру үшін тамаша.
6. Жер белгілерін ел жалауларына жекелендіру – үшін тамаша.
7. Орын белгісі арқылы диалогтық терезесін пайдаланып орынға сипаттама мәліметтерін қосыңыз.
8. Әңгімелер үшін параметрлер арқылы оқиғаны айту үшін орын белгісі диалогтық терезесін пайдаланыңыз.
9. Льюис пен Кларктың Солтүстік-Батыс өткелін іздеуін қадағалаңыз.
10. Жерорта теңізі арқылы Одиссейдің одиссеясын бақылаңыз.
11. Түзу немесе ұшу сызығының құралын пайдаланып, сыныптық саяхатқа дейінгі қашықтықты есептеңіз.
12. Иммигрант отбасының туған жерінен жаңа үйіне сапарын жоспарлаңыз.
13. Қауымдастықтардағы бөлімше үшін студенттік аймақтың сүйікті бөліктерін бөлектеңіз.

14. Ерекше қажеттіліктері бар студенттер үшін: олар күнделікті немесе апта сайын баратын қауымдастық орындарын картадан көрсетіңіз[9].

*Scribble Maps* арқылы оқушы немесе студенттердің білімін арттырудағы жасалған анализдік зерттеу нәтижесі: Зерттеу жұмысы Ескелді ауданы Жетісу орта мектебінің 9 «а» сынып оқушыларына жасалды.


Жалпы оқушылар саны – 20, 100% құрайды

✓ Оқулық арқылы сабақты жүргізу барысындағы оқушылардың білім алғандағы пайыздық көрсеткіші:



Сурет 3. Оқушылардың оқулық арқылы білім алған пайыздық көрсеткіші

✓ *Scribble Maps* технологиясы арқылы оқушылардың білім алғандағы пайыздық көрсеткіші:



Сурет 4. Оқушылардың *Scribble Maps* технологиясы арқылы білім алған пайыздық көрсеткіші

Көрсетілген суреттегі салыстырулар бойынша оқулық арқылы сабақ жүргізу барысы мен ұсынылып отырған ақпараттық технология арқылы сабақ жүргізудегі айырмашылық толықтай көрсетіліп отыр. Заман талабына сай жаңартылған білім беру жолында біз ақпараттық технологияларды оқыту барысында әдіс-тәсілдерге кіріктіру арқылы да оқу сапасын жақсарту алатынымыз айқындалды.

Оқу сапасын жақсарту барысында әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылуда, осының ішінде ақпараттық технологияны қолданып отырған әр түрлі әдіс-тәсілдерге кіріктіретін болсақ, біз көптеген нәтижеге қол жеткізе аламыз. География ғылымында ақпараттық технологияны қолдану оқытушылар мен білім алушыларға сапаны жақсарту үшін үлкен нәтижелі түрде көмектеседі. *Scribble Maps* технологиясы мен басқа да жаңа ақпараттық технологиялар арқылы география пәнін оңтайландырып жеңіл жолмен қарастырып оқытуға қажетті жолдарын жасай аламыз. Заман талабына сай жаңартылған білім беру жолында берілген әр мүмкіндігі мол ақпараттық технологияларды мүмкіндігінше пайдаланып қалу, біз үшін әлем үшін белгілі екені айдан анық.



**Қорытынды.** Жаңа ақпараттық технология, ол әрқашан қарқынды дамып келеді. Қазіргі кезде болып жатқан оқиғаларды ақпараттық технологиялардың үстемдік етуі, дәуірдің дербес дамуы деп айта аламыз. Заманауи тұтынушылардың бірден алатын пайдасын айтпағанда, біздің өмірімізде кеңінен тараған жаңа технологияны ешкім де назардан тыс қалдыра алмайды. Ақпараттық технологиялар оқу процесін автоматтандыру құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар білімді тексеру және қайта оқудың тамаша тәсілі ретінде де маңызды рөл атқара бастады [10].

Оқыту сапасын арттыруда бірыңғай ақпараттық кеңістікті құрудың негізгі міндеттері адамның шығармашылық және танымдық іс-әрекетінің принципті жаңа мүмкіндіктерін қамтамасыз етумен байланысты. Бұған қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың көмегімен оқытуда негізгі жабдықтары арқылы қол жеткізуге болады: оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-басқару, сарапшылық.

Оқытудың сапасын арттыру үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік құру мыналарға қол жеткізеді: Білім беру курстарының тиімділігі мен сапасын арттыру, Білім беру мекемелерінің ғылыми-зерттеу процесін жандандыру, білім алушыларды одан әрі оқыту және оқыту мерзімін қысқарту, және олардың жағдайларын жақсарту, сонымен қатар жеке білім беру мекемелерінің және жалпы білім беру жүйесінің әкімшілік тиімділігін арттыру. Ал ең маңыздысы, ұлттық ақпараттық және білім беру жүйелерінде білім, ғылым, мәдениет және басқа салалардағы халықаралық ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді айтарлықтай жеңілдеті отырып, жаһандық желіге біріктіру.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Әбсаттаров Р. Қазіргі әлемнің геосаяси архитектурасы. //Ана тілі газеті. – Алматы, 22 желтоқсан, 2021 ж. anatili.kazgazeta.kz/news/, 14.11.2022 ж. бұл ақпарат қаралды.*
2. *Исаев Б.А. Геополитика. Учебник, Питер, 2016. 390 с. 15.11.2022 ж. бұл ақпарат қаралды.*
3. *Устинова Н.В. Геополитика. Учебное пособие, Издательство Уральского университета, Екатеринбург, 2017. 90 с. 15.11.2022 ж. бұл ақпарат қаралды.*
4. *Morozova I., Lyusev, V., Gladkova, M., Smirnova, E., Kulagina, J. Information technologies in teaching humanitarian disciplines. // Propósitos y Representaciones January 2021, San Ignacio de Loyola. <http://dx.doi.org/10.20511/pyr2021.v9nSPE1.817>, 15.11.2022 ж. бұл ақпарат қаралды.*
5. *Bengel P.T. Peter C. Modern Technology in Geography Education—Attitudes of Pre-Service Teachers of Geography on Modern Technology. // Education Sciences, Philipps-University Marburg Germany, Published 4 November 2021. <https://doi.org/10.3390/educsci11110708>, 15.11.2022 ж. бұл ақпарат қаралды.*
6. *Дмитрий Горчаков. «Scribble Maps» — быстрое создание пользовательских карт. NEWREPORTER.ORG, 02.09.2019. <https://newreporter.org/2013/09/02/scribble-maps/>, 04.11.2022 ж бұл ақпарат қаралды.*
7. *Абага Ада Б. Ондо. «Особенности и свойства современных информационных технологий». // Студенческий научный форум – 2017, Санкт-Петербургский национальный исследовательский университет информационных технологий, механики и оптики, 15.07.2017. <https://scienceforum.ru/2017/article/2017033650>, 04.11.2022 ж бұл ақпарат қаралды.*
8. *Jacqui Murray. «14 Ways to use Scribble Maps». ASK A TECH TEACHER. 25.10.2021, [14 Ways to use Scribble Maps – Ask a Tech Teacher](https://www.14ways.com/ask-a-tech-teacher/14-ways-to-use-scribble-maps/), 05.11.2022 ж. бұл ақпарат қаралды.*
9. *Крылова Яна Андреевна. «Использование сервиса Scribble maps на уроках географии». Журнал современных уроков, город Пермь, 16.12.2021. [https://www.lurok.ru/categories/5/articles/47081?ysclid=la2by2zwwl3973\\_94062](https://www.lurok.ru/categories/5/articles/47081?ysclid=la2by2zwwl3973_94062), 06.11.2022 ж. бұл ақпарат қаралды.*

10. Өтес Қанатұлы Сембаев. «География пәнін оқытудағы өзекті мәселелер». Білімді ел газеті, Қарағанды, 20.10.2020 ж. <https://bilimdinews.kz/?p=123434>, 15.11.2022 ж бұл ақпарат қаралды.

References:

1. Äbsattarov R. Qazirgi älemniñ geosaiasi arhitekturasy. //Ana tili gazetı, Almaty, 22 jeltoqsan, 2021 j. [anatili.kazgazeta.kz/news/](http://anatili.kazgazeta.kz/news/), 14.11.2022 j bül aqparat qaraldy.
2. İsaev B. A. Geopolitika. Uchebnik, Piter, 2016. 390 s. 15.11.2022 j bül aqparat qaraldy.
3. N.V Ustinova. Geopolitika. Uchebnoe posobie, İzdatelstvo Urälskogo universiteta, Ekaterinburg, 2017. 90 s. 15.11.2022 j bül aqparat qaraldy.
4. Morozova, I., Lyusev, V., Gladkova, M., Smirnova, E., Kulagina, J. Information technologies in teaching humanitarian disciplines. // Propósitos y Representaciones January 2021, San Ignacio de Loyola. <http://dx.doi.org/10.20511/pyr2021.v9nSPE1.817>, 15.11.2022 j. bül aqparat qaraldy.
5. Bengel P.T. Peter C. Modern Technology in Geography Education—Attitudes of Pre-Service Teachers of Geography on Modern Technology. // Education Sciences, Philipps-University Marburg Germany, Published 4 November 2021. <https://doi.org/10.3390/educsci11110708>, 15.11.2022 j bül aqparat qaraldy.
6. Dmitri Gorchakov. «Scribble Maps» — bystroe sozdanie pölvzatelskih kart. NEWREPORTER.ORG, 02.09.2019. <https://newreporter.org/2013/09/02/scribble-maps/>, 04.11.2022 j bül aqparat qaraldy.
7. Abaga Ada B. Ondo. «Osobenosti i svoistva sovremennyh informasionnyh tehnologi». // Studencheski nauchnyi forum – 2017, Sankt-Peterburgski nasionälnyi issledovatel'ski universitet informasionnyh tehnologi, mehaniki i optiki, 15.07.2017. <https://scienceforum.ru/2017/article/2017033650>, 04.11.2022 j bül aqparat qaraldy.
8. Jacqui Murray. «14 Ways to use Scribble Maps». ASK A TECH TEACHER. 25.10.2021, 14 Ways to use Scribble Maps – Ask a Tech Teacher, 05.11.2022 j bül aqparat qaraldy.
9. Krylova İana Andreevna. «İspölvovanie servisa Scribble maps na urokah geografii». Jurnal sovremennyh urokov, gorod Perm, 16.12.2021. <https://www.lurok.ru/categories/5/articles/47081?ysclid=la2by2zwwl397394062>, 06.11.2022 j bül aqparat qaraldy.
10. Ötes Qanatuly Sembaev. «Geografia pänin oqytudağy özehti mäseleler». Bilimdi el gazetı, Qarağandy, 20.10.2020 j, <https://bilimdinews.kz/?p=123434>, 15.11.2022 j bül aqparat qaraldy.